Егер құрылғыны сатуды немесе көшкенде жаңа үй иелеріне беруді немесе қалдыруды шешсеңіз, жаңа иесі құрылғымен және қауіпсіздік туралы ескертулермен таныса алу үшін осы нұсқаулықты қоса беріңіз.

Шартты белгілер




Назар аударыңыз – қауіпсіздік техникасы туралы маңызды ақпарат



Жалпы ақпарат пен кеңестер



Қоршаған ортаны қорғау бойынша ақпарат



Кәдеге жарату

Қоршаған орта мен адам денсаулығын қорғауға өз үлесіңізді қосыңыз. Қаптамасын өңдеуге арналған тиісті контейнерлерге кәдеге жаратыңыз. Электр және электрондық аспаптарды кәдеге жаратуға жәрдем көрсетіңіз. Осы таңбамен белгіленген аспаптарды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұйымды жергілікті кәдеге жарату пунктіне жолдаңыз немесе муниципалдық басқармаға жүгініңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақат алу немесе тұншығу қаупі!

Құрылғыны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Желілік кабельді кесіп алып, оны кәдеге жаратыңыз. Балалар мен үй жануарлары құрылғы ішіне қамалып қалмау үшін есік бекіткішін шешіп алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақаттану мен электр тогының соғуының алдын алу үшін зақымдалған желілік кабельді өндіруші, сервистік орталығының өкілі немесе басқа білікті маман алмастыруы тиіс.

Өндіруші компоненттердің конструкциясына, материалына және (немесе) ерекшеліктеріне алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1 - Қауіпсіздік техникасына қатысты ақпарат.....	4
2 - Кір жуғыш машинаның сипаттамасы.....	7
3 - Басқару панелі.....	8
4 - Бағдарламалар.....	11
5 - Күнделікті пайдалану.....	12
6 - Күтім және тазалау.....	16
7 - Ақаулықтарды жою.....	18
8 - Орнату.....	21
9 - Техникалық сипаттамалар.....	25

1 Қауіпсіздік техникасы бойынша ақпарат

Машинаны орнатпас бұрын және қолданар алдында жеткізу жиынтығына енгізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Өндіруші дұрыс орнатпау немесе пайдалану салдарынан туындаған қандай да бір жарақаттар немесе залалдар үшін жауап бермейді.

Бұл нұсқауларды кейінірек пайдалану үшін әрқашан машинаның жанында сақтаңыз.

1.1 Мүмкіндігі шектеулі балалар мен тұлғалардың қауіпсіздігі

Бұл машинаны 8 жастан асқан балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тиісті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғаларға қолдануға рұқсат етіледі, егер олар мұны қадағаланып отырып жасаса немесе оларға осы машинаны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілсе және олар мұнымен байланысты қауіптерді түсінсе.

- 3 жасқа дейінгі балалар үнемі қадағалаумен қамтамасыз етілмесе, машинаның жанында болмауы керек.
- Балалардың машинамен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Барлық қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жуғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Ашық кезде балалар мен үй жануарларын машинаның есігінен аулақ ұстаңыз.
- Машинаны тазалау және пайдаланушыларға қызмет көрсетуді балалар ересектердің қадағалауынсыз жүзеге асырмауы тиіс.

1.2 Орнату

- Машинаны жеткізу жиынтығына кіретін орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Тасымалдау кезінде машинаның тұрақты күйде болғанына көз жеткізіңіз.
- Орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде машинаның қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз және барлық жұмыстар толық аяқталғанға дейін машинаны желіге қосу мүмкін болмауын қадағалаңыз.
- Барлық қаптама материалдары мен тасымалдау бұрандаларын алыңыз.
- Бұл тасымалдау бұрандаларын сақтап қойыңыз. Болашақта машинаны тасымалдау кезінде осы рандаларды орнына қою арқылы барабанның орнын бұғаттауға тура келеді.
- Машинаны жылжыту кезінде сақтық шараларын ешқашан ұмытпаңыз, өйткені оның салмағы көп. Әрқашан жеке қорғаныс құралдарын киіңіз.
- Бұл машина тек жабық жерде пайдалануға арналған.
- Зақымдалған машинаны орнатпаңыз немесе қоспаңыз.
- Мұздату қаупі бар немесе атмосфералық құбылыстардың әсеріне ұшырау қаупі бар жерлерде машинаны орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз (мысалы, тікелей күн сәулесінің әсерінен немесе ылғалды және шаңды орынжайда орналасқанда).

1.3 Электр желісіне қосылу

- Машина дұрыс жерге тұйықталған болуы керек. Өндіруші дұрыс орындалмаған жерге тұйықтау жүйесінің салдары үшін жауап бермейді.
- Әрқашан машинаны тек қорғаныс байланысы бар тиісті түрде орнатылған электр розеткасына қосыңыз.
- Зауыттық тақтайшадағы көрсетілген электр сипаттамалары электр қуаты көзінің сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, білікті электрикке хабарласыңыз.
- Ұшайыр мен ұзартқыш кабельдерді пайдаланбаңыз.
- Желілік кабельдің ашасы мен желілік кабельдің өзінде ешқандай зақым жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер қуат кабелі зақымдалған болса, онда қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның уәкілетті сервистік орталық немесе тиісті білікті тұлғалар ауыстыруы керек.
- Желілік кабель ашасын орнату процесі аяқталғаннан кейін ғана розеткаға қосыңыз.
- Электр қуат кабелін немесе оның ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Машинаны желіден ажырату үшін желілік кабельді тартпаңыз. Ашаны розеткадан шығара отырып, әрқашан желіден ажыратыңыз.

1.4 Суды қосу

- Су құбыршектеріне зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.
- Машина сантехникалық желіге машинамен бірге жеткізілетін жаңа құбыршек жиынтықтарын қолдана отырып қосылуы керек. Ескі құбыршектер жиынтығын қайта пайдалануға жол берілмейді.
- Машинаны жаңа құбырларға немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған құбырларға қоспас бұрын, су таза болғанша су ағынының ағып кетуін қамтамасыз етіңіз.
- Судың жұмыс қысымы (минималды және максималды) 0,3 бар (0,03 МПа) мен 10 бар (1 МПа) аралығында болуы керек.
- Машинаны бірінші рет пайдаланған кезде ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.

1.5 Пайдалану

- Осы кір жуғыш машинаны пайдалану кезінде қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз
- Жуғыш құралдардың қаптамасында көрсетілген қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.
- Машинаны жүктеу көлемі 10 кг-нан аспауы керек деген талапты орындаңыз.
- Жанғыш заттарды немесе жанғыш өнімдерге малынған заттарды машинаның жанына немесе оған қоймаңыз.
- Кірді тиеу кезінде бөгде заттардың барабанға түспейтініне көз жеткізіңіз
- Судың ағып кетуін жинау үшін машинаның астына контейнер қоймаңыз. Қандай керек-жарақтарды пайдалануға болатынын білу үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрған кезде есіктің әйнегіне қол тигізбеңіз. Әйнек ыстық болуы мүмкін.
- Осы нұсқаулықта қарастырылған машина тек коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналған.

1.6. Күтім және тазалау

- Желілік кабель ашасын розеткадан алыңыз.
- Машинаны тазалау үшін бүріккіш су мен буды пайдаланбаңыз.
- Машинаны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

Абразивті өнімдерді, абразивті тазартқыш ысқыштарды, еріткіштерді немесе металл құралдарды қолданбаңыз.

1.7 Техникалық қызмет көрсету

- Түпнұсқа бөлшектерді немесе өндіруші ұсынған бөлшектерді ғана қолданыңыз
- Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді тек білікті мамандар жүргізуі керек.

1.8 Кәдеге жарату, тасымалдау және сақтау

- Машинаны электр қуат беру желісінен ажыратыңыз.
- Желілік кабельді кесіп алыңыз және оны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімді онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыттық қаптамада тасымалдау және сақтау қажет.
- Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

HCW10C – кір жуатын бөлмелерді, қонақ үйлерді, жатақханаларды, мейрамханаларды, көпқабатты үйлердегі қоғамдық орындарды жабдықтауға арналған Haier коммерциялық кір жуғыш машинасы.

Еденге бекітуді қажет етпейді (теңгерімсіздік пен тұрақсыз жағдайдың пайда болуын болдырмау үшін кірдің дұрыс жүктелуі сақталған жағдайда).

Құрылғыны өзгертуге немесе түрлендіруге жол берілмейді. Мақсаты бойынша пайдаланбау қауіпті жағдайларға алып келуі және барлық кепілдіктердің күшін жоюы мүмкін.



Ескерту:


Модельдердің үнемі жетілдірілуіне байланысты келесі тараулардағы иллюстрациялар сіздің машинаның моделіне әрқашан сәйкес келе бермеуі мүмкін.

2.1. Кір жуатын машинаның суреті

Алдыңғы жағы (2-1-сур.):




Арт жағы (2-2-сур.):



2.2 Жинақтама

Кір жуғыш машинаның жеткізілім жиынтығын осы тізіммен тексеріңіз (2-3-сур.):





1 Жуғыш құралдар мен кондиционерге арналған контейнер

3 «Бастау/Үзіліс» батырмасы

2. Функциялық батырмалар

4 Дисплей



Төлем терминалдарына қосылу


Дисплей платасының артқы панеліндегі CN4 және CN5 – бұл Pulse протоколы бойынша тиын қабылдағышты/ төлем терминалдарын қосуға арналған қосқыштар.

Қосқыш түйіспелері келесідей белгіленген:

12V-қара сым, GND-көк сым, COIN-қоңыр сым, 5V-ақ сым.

Тиынның кіру импульсі > = санау үшін 30 мс жоғары деңгейі.

Импульс бағасының номиналын кір жуғыш машинаның сервистік параметрлерінде баптауға болады.



3-2

3.1 Жуғыш құралдар мен кондиционерге арналған контейнер

Тартпа контейнердің ішінде мына ойықтар бар (3-2-сурет):

1: Кір жуғыш ұнтақ немесе сұйық жуғыш құралға арналған бөлік.


2: Кондиционерге арналған бөлік.

3: Ағартқышқа арналған бөлік.

4: Бекіткіш дөңес: контейнерді алу үшін оны басып тұрыңыз.

Жуғыш құралдар типіне қатысты кеңестер әртүрлі температурада жуу үшін көрсетілген.

Жуғыш құрал пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз (14-бет).



3-3

3.2. Функциялық батырмалар

Функциялық батырмалар (3-3-сурет) таңдалған бағдарламаны іске қосу алдында қосымша функцияларды қосу қызметін атқарады. Дисплейде тиісті белгішелер көрсетіледі.

Егер батырма баптаудың бірнеше нұсқасынан таңдауға мүмкіндік берсе, онда таңдау үшін осы батырманы ретімен басу керек.

Түймені басқан кезде, ол жарқыраған кезде, функция таңдалады.



Ескертпе: Зауыттық баптаулар

Анағұрлым жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін Naieg-дің әр жуу бағдарламасында белгілі бір баптаулар бар. Егер арнайы талаптар болмаса, әдепкі қалпы бойынша баптауларды пайдалануды ұсынамыз.

3.2.1 «Программа» функционалдық түймесі

Бағдарламаны таңдау үшін осы функция түймесін басыңыз (3-4-сур.). Төрт бағдарламаның бірін таңдауға болады:

«Ежедневная», «Объёмные вещи», «Быстрая», «Отжим».

«Ежедневная» мақта мен синтетиканы аралас жууға арналған.

«Объёмные вещи» - ірі немесе ауыр киімдерге арналған.

«Быстрая» - кішкене немесе аз ластанған киімдерді жууға арналған.


«Отжим» - киімнен суды жою.

Әр түрлі бағдарламаларды дәйекті түрде ауыстыру үшін осы функция түймесін басыңыз. Индикатор жанған кезде тиісті бағдарлама таңдалады.



3.2.2 «Температура» функционалдық түймесі

Бағдарламада жуу температурасын өзгерту үшін (40°C немесе 60°C) осы түймені басыңыз (3-5-сур.). Егер ешқандай мән жанбаса, су қызбайды.



3.2.3 «Интенсивная» функционалдық түймесі

Тағы бір шаюды қосу үшін қажетті бағдарламаны таңдағаннан кейін «Интенсивная» түймесін басыңыз (3-6-сур.). Бұл ретте түйменің үстінде индикатор жанады. Функцияны болдырмау үшін қайтадан басыңыз, сонда түйменің үстіндегі индикатор сөнеді.

Бұл функцияны «Ежедневная», «Объёмные вещи» және «Быстрая» бағдарламаларында қосуға болады.

3.2.4 «UV-обработка» функционалдық түймесі

Ультракүлгінмен стерильдеу функциясын таңдау үшін қажетті бағдарламаны таңдағаннан кейін «UV-обработка» түймесін басыңыз (3-7-сур.). Бұл ретте түйменің үстінде индикатор жанады. Функцияны болдырмау үшін қайтадан басыңыз, сонда индикатор өшеді.




Ультракүлгінмен өңдеу функциясын «Ежедневная» және «Объёмные вещи» бағдарламаларында және тек күту режимінде таңдауға болады. Бағдарлама іске қосылғаннан кейін «UV-обработка» функциясын күту кезеңінде болдырмау мүмкін емес.

3.2.5 «Самоочистка» функционалдық түймесі

«Самоочистка» түймесі (3-8-сур.) әдепкі бойынша таңдалмайды. Фондық режимде сервистік режимнің параметрлерін баптағаннан кейін «Самоочистка» түймесін таңдалатын етіп баптауға болады. «Самоочистка» режимінде «Программа» түймесінің үстіндегі барлық төрт бағдарлама таңдалмайды.

Қуатты қайта іске қосыңыз, «Программа» + «Интенсивная» + «Старт/Пауза» түймелерін алғашқы 10 с-та бір уақытта басып тұрыңыз. «Самоочистка» индикаторы жанып, «Глубокая самоочистка» бағдарламасы басталады және дисплейде «1:00» пайда болады.



3-9

3.3 «Старт/Пауза» түймесі

Ағымдағы бағдарламаны іске қосу үшін бұл түймені ақырын басыңыз (3-9-сур.). Бағдарламаны орнату немесе іске қосу кезінде түйменің үстіндегі жарықдиод жанады немесе жыпылықтайды.

Бағдарламаны іске қосқаннан кейін пайдаланушыда 30 секундтық «күту кезеңі» бар. Осы 30 секунд ішінде «Старт/Пауза» түймесін тағы бір рет басыңыз, бағдарламаның жұмысы үзіліп, пайдаланушы басқа бағдарламаны қайтадан таңдай алады.

«Күту кезеңінің» 30 секундынан кейін бағдарламаның орындалуын осы түймені басу арқылы үзуге болмайды.

Бағдарламаны қалпына келтіру / күту режиміне қайтару

Кір жуғыш машина бағдарламаның қай сатысында болса да, сіз ағымдағы бағдарламаны қалпына келтіре аласыз. Ол үшін «Интенсивная» + «UV-обработка» түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз. Дыбыстық сигнал шыққаннан кейін кір жуғыш машина күту режиміне оралады.

Есікті мәжбүрлеп ашу

Кір жуғыш машина бағдарламаны орындаудың қай сатысында болса да, есікті мәжбүрлеп ашу үшін «UV-обработка» + «Самоочистка» + «Старт/Пауза» түймелерін 5 секунд басып тұрыңыз. Кір жуғыш машина бактағы суды ағыза бастайды. 2 минуттан кейін есік бұғаттан ашылады және оны ашуға болады.



Ескерту:

Есікті мәжбүрлеп ашқаннан кейін бағдарлама қалпына келтіріледі. Әрі қарай пайдалану үшін жаңа жуу циклі үшін төлемді қайтадан төлеу керек!



Ескерту:


Егер сізге электр қуаты істен шыққан жағдайда есікті мәжбүрлеп ашу қажет болса, 7.3-тармаққа жүгініңіз



3-10

3.4 Дисплей

Дисплейде (3-10-сур.) жуу уақыты көрсетіледі. Назар аударыңыз: экранда көрсетілетін уақыт шамалас болып табылады; ол судың температурасы мен қысымына байланысты нақты жұмыс уақытынан өзгеше болуы мүмкін.



Жуғыш құралдарға арналған
контейнер бөліктері:

- 1 Жууға арналған құрал
- 2 Кондиционер немесе мата күтіміне арналған құрал
- 3 Сұйық ағартқыш

Бағдарлама	Максимал жүктеме, кг	Температура (рұқсат етілген аралық)	Бөлік 1	Бөлік 2	Бөлік 3	Мата типі	Әдепкі қалпы бойынша сығу жылдамдығы, айн/мин
Отжим	10	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Барлық маталар	1000
Быстрая	1	Жоқ	Иә	Опция	Опция	Аз ластанған киім	1000
Объемные вещи	10	40°C немесе 60°C	Иә	Опция	Опция	Барлық маталар	1000
Ежедневная	5	40°C немесе 60°C	Иә	Опция	Опция	Мақта	1000

Ескерту: Бұл модель үшін алдын ала жуу функциясы (Pre wash) қарастырылмаған.


Бағдарлама	Қосымша функциялар таңдау		
	Температура	Қарқынды	UV-өңдеу
Отжим	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Быстрая	Жоқ	Опция	Жоқ
Объемные вещи	Опция	Опция	Опция
Ежедневная	Опция	Опция	Опция

5.1. Электрлік қуат көзі

Кір жуғыш машинаны электр көзіне қосыңыз (220-240 В ~/50Гц, 5-1-сур.). Сонымен қатар «ОРНАТУ» бөлімін қар. (24-бет).

5.2. Су беруді қосу

- Қосу алдында кірістегі судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.
- Шүмекті ашыңыз (5-2-сур.).




Ескертпе: Саңылаусыздық

Машинаны бірінші рет қолданар алдында кранды ашып, кранның кіріс құбыршегіне қосылатын жерінде ағып кетудің болмауын тексеріңіз.

5.3. Кірді жууға дайындау

- Кірді бөліңіз: ақ, түрлі-түсті, синтетикалық, нәзік маталар мен жүн.
- Кір жууға арналған жапсырмаларда көрсетілген жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ және түрлі-түсті кірді бірге жууға болмайды.
- Түсті кірдің кейбір бөліктері бірінші рет жуған кезде түсін өзгертуі мүмкін. Біз оларды бірінші рет бөлек жууды ұсынамыз.
- Жастық қапшықтарындағы түймелерді, сыдырмаларды, ілгектерді және түймелерді бекітіңіз. Белдіктерді байлаңыз.
- Қалталарды босатыңыз және оларды теріс айналдырыңыз.
- Қабатты маталарды, жүнді және боялған иллюстрациялары бар заттарды теріс айналдырыңыз.
- Тұрақты дақтарды жойыңыз.
- Қатты ластанған дақтарды арнайы жуғыш құралмен жуыңыз.
- Перделермен абай болыңыз. Ілгектерді алыңыз немесе перделерді жууға арналған сөмкеге немесе жастық қапшығына салыңыз.
- Машинада жапсырмасыз немесе кесігі бар киімді жууға болмайды. Кішкене және (немесе) нәзік заттарды жууға арналған сөмкені қолданыңыз (мысалы, шұңқырлы іш киім, белбеу, колготка және т.б.).
- Өте аз жүктеме айналдыру кезеңінде кірдің теңгерімсіздігіне әкелуі мүмкін.



Кейбір ластанушы заттар үшін су мен жуғыш затты қолдану жеткіліксіз. Бұл заттарды машинаға салмас бұрын осы ластануларды жоюды ұсынамыз.

Дақтарды кетіруге арналған арнайы құралдар бар. Белгілі бір дақ типіне және берілген матаға қолданылатын арнайы дақ кетіруге арналған құралды қолданыңыз.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Тоқылмаған элементтер, сонымен қатар ұсақ, берік бекітілмеген және үшкір заттар киімнің және кір жуғыш машинаның бүлінуіне және зақымдануына әкелуі мүмкін.

Киім затбелгілеріндегі таңбалар кестесі

Жуу					
	Макс. жуу темп. 95 °C, қалыпты режим		Макс. жуу темп. 60 °C, қалыпты режим		Макс. жуу темп. 60 °C, жұмсақ режим
	Макс. жуу темп. 40 °C, қалыпты режим		Макс. жуу темп. 40 °C, жұмсақ режим		Макс. жуу темп. 40 °C, өте жұмсақ режим
	Макс. жуу темп. 30 °C, қалыпты режим		Макс. жуу темп. 30 °C, жұмсақ режим		Макс. жуу темп. 30 °C, өте жұмсақ режим
	Қолмен жуу, макс. темп. 40 °C		Жууға болмайды		
Ағарту					
	Кез келген ағартқышпен ағартуға рұқсат етілген		Құрамында оттегі бар/хлорсыз ағартқышты қолдануға ғана рұқсат етілген		Ағартуға болмайды
Кептіру					
	Қалыпты температурада барабанда кептіру		Төмен температурада барабанда кептіру		Барабанда кептіруге болмайды
	Жіпке жайып кептіру		Жайылған қалыпта кептіру		
Үтіктеу					
	Макс. 200 °C температурада үтіктеу		Макс. 150 °C температурада үтіктеу		Макс. 110 °C температурада бусыз үтіктеу (бумен үтіктеу қайтымсыз салдарды тудыруы мүмкін)
	Үтіктеуге болмайды				
Текстиль бұйымдарға кәсіби күтім жасау					
	Тетрахлорэтиленде құрғақ тазалау		Көмірсутекпен құрғақ тазалау		*Құрғақ тазалауға тыйым салынған
	Кәсіби ылғалды тазалау		Кәсіби ылғалды тазалауға тыйым салынған		


5.4 Кір жуатын машинаға жүктеу

1. Машинаның есігін ашу үшін тұтқаны өзіңізге қарай тартыңыз.
2. Кірді машинаға салыңыз және есікті жабыңыз. Кір жуғыш машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.
3. Жуғыш затты, крахмалды және мата жұмсартқышты өндірушілердің ұсыныстарына сәйкес қосыңыз.
4. Сұйық жуғыш заттарды қолданған кезде:
 - Сұйық жуғыш құралдың дозасынан аспаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Киім қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Есікке қысылып қалған киім люк манжетінің зақымдалуына әкеледі. Бұл зақымға кепілдік қолданылмайды



5.5 Жуғыш затты таңдау

- ▶ Жуудың тиімділігі мен нәтижесі пайдаланылатын жуғыш құралдың сапасымен анықталады.
- ▶ Машинамен жууға арналған жуғыш құралды ғана пайдаланыңыз.
- ▶ Қажет болғанда арнайы жуғыш құралдарды пайдаланыңыз, мысалы, синтетикалық және жүн заттарға арналған.
- ▶ Жуғыш құралдар өндірушісінің ұсынымдарын үнемі ескеріңіз.
- ▶ Трихлорэтилен және ұқсас өнімдер сияқты құрғақ тазалауға арналған құралдарды пайдаланбаңыз.

Ең қолайлы жуғыш құралды таңдаңыз

L = гель/сұйық жуғыш құрал

П = кір жуатын ұнтақ

O = пайдаланушының қалауы бойынша

— = жоқ

Сұйық жуғыш құралды пайдаланғанда кейінге қалдырылған стартты іске қосу ұсынылмайды.

* 60 °C және одан жоғары жуу температурасы жағдайында жуғыш құралдың азырақ мөлшерін пайдалану керек. Мақта немесе синтетикалық мата үшін жарамды арнайы дезинфекциялаушы құралды пайдалану ұсынылады.

* Көбіктенбейтін кір жууға арналған ұнтақ немесе көбікті аз мөлшерде түсетін ұнтақ пайдалану ұсынылады.

Бағдарлама	Жуғыш құралдың түрі				
	Әмбебап	Түрлі-түсті	Нәзік маталар	Арнайы режим	Кірге арналған кондиционер
Отжим	-	-	-	-	-
Быстрая	Г/П	Г	-	-	O
Объёмные вещи	O	Г/П	-	-	O
Ежедневная	Г/П	Г/П	-	-	O

Экологиялық пайдалану жөніндегі ұсыныстар

- Қалыпты ластанған кір жуу бағдарламасын орнатыңыз.
- Кір жууға рұқсат етілген ең жоғары жүктеме кезінде әрқашан жуу бағдарламасын іске қосыңыз.
- Қажет болса, төмен температуралы бағдарламаны орнатқан кезде дақ кетіргішті қолданыңыз.
- Кір жуғыш заттың дұрыс мөлшерін таңдау үшін су желісіндегі судың кермектігі қандай екенін біліңіз.


Судың кермектігі

Егер сіздің аймағыңыздағы судың кермектігі жоғары немесе орташа болса, онда кір жуғыш машиналарға арналған су жұмсартқыштарды қолданған жөн. Судың кермектігі төмен аймақтарда су жұмсартқышты пайдалану қажет емес.

Аймағыңыздағы судың кенмектік деңгейін білу үшін жергілікті су компаниясына хабарласыңыз.

Су жұмсартқышының қажетті мөлшерін пайдаланыңыз. Осы өнімнің қаптамасында берілген нұсқауларды орындаңыз.

5-4



5.6 Жуғыш құралды қосу

1. Жуғыш құралдарға арналған контейнерді тартыңыз.
2. Сәйкес ойықтарға қажет жуғыш құралдарды құйыңыз (5-4-сур.).
3. Контейнерді машинаға кері мұқият салыңыз.



Ескерту:


- ▶ Келесі жуу циклының алдында контейнердегі жуғыш құралдың қалдықтарын кетіріңіз.
- ▶ Жуғыш құралды немесе кірге арналған кондиционерді қажет мөлшерінен артық құймаңыз.
- ▶ Жуғыш құралдың қаптамасындағы нұсқауды орындаңыз.
- ▶ Үнемі жуғыш құралды контейнерге тікелей жуу циклін бастау алдында жүктеңіз.
- ▶ Қойытылған сұйық жуғыш құралды, сонымен қатар кондиционерді ойыққа құяр алдында сұйытып алған жөн.
- ▶ Бағдарламаны таңдау кестесіне сәйкес және киімнің затбелгісіндегі жуу және күтім жасау нұсқауларын ескере отырып, бағдарлама баптауларын мұқият таңдаңыз.



Ескерту: иісті кетіру

Алғаш рет кір жуар алдында ықтимал зиян заттардан тазарту мақсатында контейнердің сәйкес бөлігіне аз мөлшерде жуғыш құрал құйып немесе арнайы тазартқыш құрал қолданып, кір салмастан «Өзін-өзі тазарту» бағдарламасын қосуға кеңес беріледі.

5-5



5.7 Дербес баптауларды қосу

Қажет функциялар мен баптауларды таңдаңыз (5-5-сур.); Басқару панелі бөлімін қар.

5-6




5.8 Жуу бағдарламасын іске қосу

Бағдарламаны іске қосу үшін «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз (5-6-сур.). Машина берілген баптауларға сәйкес жұмыс істейтін болады.

6.1. Жуғыш құралдарға арналған контейнерді тазалау

Контейнердегі жуғыш құралдың қалдықтарын үнемі кетіріп отырыңыз. Контейнерді үнемі мына тәсілмен тазалаңыз (6-1-сур.):

1. Контейнерді соңына дейін сырғытыңыз.
2. Бекіткіш батырмасын басып, контейнерді машинадан шығарыңыз.
3. Контейнерді толығымен тазарғанша сумен шайып, оны қайтадан машинаға салыңыз.



6.2 Кір жуатын машинаны тазалау

- Кір жуатын машинаны тазалау немесе күтім жасау барысында электр қуаты баусымының ашасын розеткадан суырыңыз.
- Машинаның корпусын (6-2 сур) және резеңке элементтерін тазалау үшін сабынды жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Органикалық химиялық заттарды немесе коррозия тудыратын еріткіштерді қолданбаңыз.

6-2



Қақты кетіру

Егер сіздің аймағыңыздағы судың кермектігі жоғары немесе орташа болса, онда кір жуғыш машиналарға арналған қақ кептіргіш құралдарды қолданған жөн.

Әк пен тот бөлшектерінің пайда болуын болдырмау үшін барабанды үнемі тексеріп отырыңыз.

Тот бөлшектерін кетіру үшін тек кір жуғыш машиналарға арналған өнімдерді пайдаланыңыз.


Мұны кір жуудан бөлек жасаңыз.

Профилактикалық жуу

Профилактикалық жууды үнемі іске қосыңыз. Бұл үшін:

- Кірді барабаннан шығарыңыз.
- Дезинфекциялау бағдарламасын аз мөлшерде жуғыш затпен ең жоғары температурада орнатыңыз. Тығыздаманы үнемі тексеріп, ішіндегі барлық заттарды алып тастаңыз.

Есік тығыздамалары




Тығыздамаларды үнемі тексеріп, ішіндегі барлық заттарды алып тастаңыз.

6.3 Су беру клапаны және оның сүзгісі


Су құбырының қақ сияқты қатты бөлшектермен бітелуінің алдын алу үшін су құбыры кранының сүзгісін жүйелі түрде тазалаңыз.

- Электрлі қуат беру баусымының ашасын суырып, су берілісін тоқтатыңыз.
- Су төгетін құбыршекті машинаның артқы қабырғасындағы клапаннан (6-3-сур.) және су беру кранынан бұрап алу арқылы алыңыз.
- Сүзгілерді сумен шайыңыз және сүзгіні тазалауға арналған щетка көмегімен тазалаңыз (6-4 сурет).
- Сүзгіні салып, кіріс құбыршегін орнына орнатыңыз.


6-3



6-4







6-5



6.4 Барабанды тазалау

- Барабаннан оған кездейсоқ түсіп кеткен металл заттар, түйрегіштер, тиындар және т.б. шығарып отырыңыз (6-5 сур), себебі олар тат дақтарының пайда болуына және зақымдалуына себеп болуы ықтимал.
- Тат дақтарын кетіру үшін құрамында хлор болмайтын тазалау құралын қолданыңыз. Тазартқыш құрал өндірушісінің нұсқауларын сақтаңыз.
- Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.



6.5 Сорғы сүзгісі

Сүзгіні айына бір рет тазалап, машинаның келесі жағдайларында сорғы сүзгісін тексеріңіз:

- ▶ Суды төкпейді.
- ▶ Сықпайды.
- ▶ Жұмыс істегенде әдеттен тыс шу шығарады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіп қалу қаупі! Сорғы сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген әрекеттерді орындау алдында су салқындағанына көз жеткізіңіз.

1. Кір жуатын машинаны сөндіріңіз және қуат баусымының ашасын розеткадан суырыңыз (6-6 сур.).
2. Сүзгі қақпағын басып, ашыңыз (6-7-сур.).
3. Суды ағызуға арналған тегіс ыдысты қойыңыз (6-8 сур.). Сүзгіден ағып шығатын су көлемі біршама көп болуы мүмкін!
4. Ағызу құбыршегін созып және оның ұшын ыдыстың үстінде ұстаңыз (6-8 сур.).
5. Ағызу құбыршегінен бітеуішті суырып алыңыз (6-8 сур.).
6. Ағызу аяқталғаннан кейін су төгетін түтікті жабыңыз (6-9-сур.) және оны қайтадан машинаға салыңыз.
7. Сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, оны шығарыңыз (6-10-сур.).
8. Ластануды кетіріңіз (6-11-сур.).
9. Сорғы сүзгісін ағынды сумен жақсылап шайыңыз. (6-12-сур.).
10. Оны бұрынғы орнына ақырын бекітіңіз (6-13-сур.).
11. Сүзгі қақпағын жабыңыз



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

- ▶ Сорғы сүзгісінің тығыздамасы таза және ақаусыз болуы керек. Егер қақпағы тығыз жабылмаса, су ағып кетуі мүмкін.
- ▶ Сүзгі өз орнында тұруы керек, керісінше жағдайда ағып кету орын алуы мүмкін.

Егер машина қоршаған ортаның температурасы 0 °C-тан төмен болуы мүмкін жерде орнатылса, онда қалған суды қабылдау түтігінен алып тастаңыз және сорғыдан ағызыңыз.

1. Желілік кабель ашасын розеткадан алыңыз.
2. Су құбыры шүмегін жабыңыз.
3. Енгізу құбыршегінің екі ұшын контейнерге салыңыз да, құбыршектен суды ағызып тастаңыз.
4. Сорғыдан суды төгіп тастаңыз. Апаттық төгу процедурасын қар.
5. Су төгетін сорғы босатылған кезде, енгізу құбыршегін қайта орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ!

Машинаны қайта қолданар алдында қоршаған ауаның температурасы 0 °C-тан жоғары екеніне көз жеткізіңіз. Өндіруші төмен температурадан туындаған зиян үшін жауап бермейді.

Туындаған мәселелердің көбін өз бетіңізше шеше аласыз, ол үшін арнайы білім қажет емес. Мәселе туындаған жағдайда, сервистік қызметке жүгінбес бұрын барлық ықтимал нұсқаны тексеріңіз және төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз. КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ бөлімін қар.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетуді жүргізер алдында машинаны сөндіріңіз және электр қуат баусымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электршілер жүргізуі тиіс, өйткені қате жөндеу кейіннен айтарлықтай зақымдануға әкелуі мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайға жол бермеу үшін зақымдалған электр қуат беру кәбілін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе тиісті біліктілікті маман ғана ауыстыруы керек.
- ▶ Пайдаланушы қауіпсіздігінің мақсатында өзіндік немесе кәсіби емес жөндеуді орындау ұсынылмайды. Сатудан кейінгі қызмет көрсету қызметіне хабарласыңыз.

7.1 Дисплейдегі қате кодының көмегімен ақаулықтарды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
E1	• Ағызу қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
E2	• Бұғаттау қатесі.	• Есікті дұрыс жабыңыз.
E4	• 15 минут өткен соң су деңгейі жеткіліксіз. • Су сифон әсері салдарынан ағызу құбыршегі арқылы ағады.	• Кран ашық және су қысымы қалыпты екеніне көз жеткізіңіз. • Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.
E8	• Су деңгейі бойынша қорғаныс қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
F3	• Температура сезгегінің қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
F4	• Қыздыру қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
F7	• Электр қозғалтқыш қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
FA	• Су деңгейі сезгегінің қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
FC1 or FC2	• Байланыс қатесі.	• Сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
Unb	• Бірқалыпты жүктемеу қатесі.	• Барабанға жүктелген кірді тексеріңіз және бірқалыпты орналастырыңыз. Жүктеме көлемін азайтыңыз.

7.2 Дисплейге код шықпаған ақауларды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
Кір жуғыш машина жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> Бағдарлама әлі іске қосылған жоқ. Есік дұрыс жабылмаған. Кір жуатын машина қосылмаған. Қуат беру іркілісі. Балалардан бұғаттау белсендірілген. 	<ul style="list-style-type: none"> Бағдарламаны тексеріңіз және оны іске қосыңыз. Есікті дұрыс жабыңыз. Машинаны қосыңыз. Электр қуатын тексеріңіз. Балалардан бұғаттауды өшіріңіз.
Кір жуатын машинаға су толмайды.	<ul style="list-style-type: none"> Су берілмейді. Енгізу құбыршегінің майысуы. Кіріс құбыршегінің сүзгісі толып қалған. Су қысымы 0,03 МПа-ға қарағанда төмен. Есік дұрыс жабылмаған. Сумен жабдықтаудағы ақау. 	<ul style="list-style-type: none"> Суды жіберу кранын тексеріңіз. Енгізу құбыршегін тексеріңіз. Құю құбыршегінің сүзгісін тазартыңыз. Судың қысымын тексеріңіз. Есікті дұрыс жабыңыз. Су беруді қамтамасыз етіңіз.
Кір жуатын машина суға толған кезде су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> Су ағызатын құбыршектің көтеру биіктігі 80 см-ден аз. Мүмкін, ағызу құбыршегінің ұшы суға жіберілген. 	<ul style="list-style-type: none"> Ағызу құбыршегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Ағызу құбыршегінің ұшы суда емес екеніне көз жеткізіңіз.
Ағызу қатесі.	<ul style="list-style-type: none"> Ағызу құбыршегі бітелген. Сорғы сүзгісі бітелген. Ағызу құбыршегінің ұшы еден деңгейінен 100 см жоғары орналасқан. 	<ul style="list-style-type: none"> Құю құбыршегін тазалаңыз. Сорғы сүзгісін тазалаңыз. Ағызу құбыршегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
Сығу кезінде күшті діріл.	<ul style="list-style-type: none"> Тасымал бұрандаларының барлығы алынбаған. Машина тұрақсыз күйде орналасқан. Кір жуатын машина дұрыс жүктелмеген. 	<ul style="list-style-type: none"> Барлық тасымалдау бұрандаларын шешіңіз. Қатты негізді бетті қамтамасыз етіп, машинаны тегістеңіз. Жүктеменің салмағы мен біркелкі орналасқанын тексеріңіз.
Кір жуатын машина жуу циклы аяқталмай тұрып тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> у беру немесе электрлі қуат көзінде ақау бар. 	<ul style="list-style-type: none"> Электрлі қуат көзін және сумен жабдықтауды тексеріңіз.
Кір жуатын машина біраз уақытқа тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> Дисплейде қате коды көрсетіледі. Қате жүктеуге байланысты мәселе. Бағдарлама жібіту циклін орындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Қате кодтарын тексеріңіз. Жүктемені азайтыңыз немесе реттеңіз. Бағдарламаны тоқтатып, қайта іске қосыңыз.
Барабанда және/немесе жуғыш құралға арналған контейнерде көбік тым көп.	<ul style="list-style-type: none"> Жарамсыз жуғыш құрал. Жуғыш құрал тым көп. 	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралды таңдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз. Жуғыш құралдың мөлшерін азайтыңыз.
Жуу уақытын автоматты реттеу.	<ul style="list-style-type: none"> Жуу бағдарламасының ұзақтығы түзеледі. 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай және функциялыққа әсер етпейді.
Сығу кезінде істен шығу	<ul style="list-style-type: none"> Барабандағы кірдің теңгерімді болмауы. 	<ul style="list-style-type: none"> Машина жүктемесін тексеріп, сығу бағдарламасын қайта қосыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
Жуу нәтижесі қанағаттанарлықсыз.	<ul style="list-style-type: none"> Ластану дәрежесі таңдалған бағдарламаға сәйкес келмейді. Жуғыш құрал тым аз. Максималдық жүктеме асып кетті. Барабанда кір бірыңғай орналаспаған. 	<ul style="list-style-type: none"> Басқа бағдарламаны таңдаңыз. Кір жуғыш құралды кірлеу дәрежесіне және өндіруші кеңесіне сәйкес таңдаңыз. Жүктеме көлемін азайтыңыз. Киімді түзетіңіз.
Киімде кір жуатын ұнтақтың қалдықтары.	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралдың ерімеген түйірлері кірде ақ дақ түрінде қалуы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> Қосымша шаюды орындаңыз. Құрғақ кірдің іздерін щеткамен сүртіп көріңіз. Басқа жуғыш құралды пайдаланыңыз.
Киімде сұр дақтар бар	<ul style="list-style-type: none"> Майлар, кремдер немесе жақпамайлар сияқты май әсерінен туындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Кірді арнайы тазалағыш көмегімен жууға дайындаңыз.



Ескертпе: Артық көбіктену

Егер сығу циклі орындау кезінде көбік тым көп пайда болса, қозғалтқыш тоқтап, су төгетін сорғы 90 секунд жұмыс істейді. Егер ондай талпыныс 3 рет қатарынан нәтижесіз аяқталса, бағдарлама сығуды орындамай тоқтайды.

Егер қателер туралы хабарлама қабылданған шаралардан кейін де пайда болса, машинаны өшіріңіз, электрқоректі өшіріңіз және клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.


7.3 лектрлік қуат көзі істен шыққан жағдайда

Ағымдағы бағдарлама мен оның баптаулары сақталатын болады.

Электр қуаты қалпына келген соң жұмыс қайта басталады.

Егер бағдарламаны орындау кезінде электр қуатында жаңылыс болса, есік механикалық түрде бұғатталатын болады.

Егер кірді шығару қажет болса, су деңгейі әйнек есіктен көрініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. - Күйіп қалудан сақтаныңыз! Су деңгейін, «Сорғы сүзгісі» бөлімінде сипатталғандай, төмендетіңіз. Содан кейін ғана сервистік люк қақпағының астындағы (7-1-сур.) иінтіректі (А) есік жеңіл шыртып бұғаттан шыққанша тартыңыз. Содан соң барлық бөлігін бекітіңіз.



Кір жуатын машина пайдаланушы үшін қауіпсіз күйде болғанда (су деңгейі белгілі бір қашықтыққа тексеру люкінен төмен, бактың температурасы 55 ° C-тан төмен, ішкі бак айналмайды), машинаның есігін ашуға болады.

8.1 Дайындау

- Кір жуғыш машинаны қаптамадан шығарыңыз.
- Корпуста қорғаныш қабықшасын қоса алғанда, барлық қаптау материалын және пенопласт табанын алып, балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Қаптаманы ашу барысында пластик пакет пен жүктеу люгінен су тамшыларын байқауға болады. Бұл суды пайдалану арқылы зауыттық сынақпен туындаған қалыпты құбылыс.




Ескертпе: Қаптамасын кәдеге жарату

Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.

8.2 Қосымша: Шуды басатын төсемдерді орнатыңыз.


1. Терможиырылатын қаптамасын ашқанда, шуды бәсеңдететін төрт төсемді көресіз. Олар шуды азайту үшін қолданылады (8-1-сур.).
2. Кір жуатын машинаны жүктейтін люк төбеге, ал төменгі жағы сізге қарап тұратындай етіп жантайтып қойыңыз.
3. Шуды бәсеңдететін төсемдерді алып, екіжақты жабысқақ үлдірін алыңыз; түбіне периметр бойымен желімдеңіз; шуды бәсеңдететін төсемдер кір жуатын машина корпусының астындағы 3-суретте көрсетілген (екі ұзын төсем – 1 және 3 орындарына, екі қысқа төсем – 2 және 4 орындарында) орналасады. Төсемдерді орнатқан соң машинаны тік қалпына қайта қойыңыз.



8.3 Тасымалдау бұрандаларын алу

Тасымалдау бұрандалары ішкі зақымдануды болдырмау үшін, тасымалдау кезінде машина ішіндегі дірілге қарсы компоненттерді бекітуге арналған.

1. Артқы қабырғасындағы барлық 4 бұранданы алып, пластик қондырмаларды шығарыңыз (8-2-сур.) (8-3-сур.).
2. Бітеуіштерді қалған тесіктерге орнатыңыз (8-4-сур.) (8-5-сур.).




8.4 Кір жуатын машинаның орнын ауыстыру

Егер машинаны басқа орынға ауыстыру қажет болса, бүлінудің алдын алу үшін тасымалдау бұрандаларын қайта орнатыңыз, оларды орнату кері тәртіпте жүзеге асады.



Ескертпе: Сенімді жерде сақтаңыз

Тасымалдау бұрандалары мен бөлшектерін кейін пайдалану үшін, қауіпсіз жерде сақтаңыз. Машинаны тасымалдаған сайын осы бөлшектерді орнына орнатыңыз.



8.5 Машинаны түзеу

Барынша түзу орналастыру үшін барлық аяқшасын (8-6-сур.) реттеңіз. Бұл дірілдеуін барынша азайтады, нәтижесінде жұмыс кезінде шу да аз болады.

Түзеу сонымен қатар машинаның табиғи тозуын азайтады. Тегістеу үшін спирттік деңгейді пайдалану ұсынылады. Еден мүмкіндігінше қатты әрі тегіс болуға тиіс.

1. Сомындық кілт көмегімен қарсысомынды (1) босатыңыз.
2. Биіктігін аяқшасын (2) бұрау арқылы реттеңіз.
3. Машина корпусындағы қарсысомынды (1) тартып бұраңыз.

8.6 Су ағызу үшін қосу

Ағызу құбыршегін су құбырына дұрыс қосыңыз. Құбыршектің жоғарғы нүктесі машина түбінен 80-нен 100-ге дейінгі см биіктікте тұруға тиіс. Мүмкіндігінше ағызу құбыршегін үнемі машинаның артқы бөлігіндегі қысқышқа бекітіңіз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Қосу үшін машинамен бірге берілген құбыршектер жинағын ғана қолданыңыз.
- ▶ Ешқашан ескі құбыршек жинағын пайдаланбаңыз!
- ▶ Кіріс құбыршегін суық су құбырына ғана қосыңыз.
- ▶ Қосу алдында судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.

Келесі қосу нұсқалары болуы мүмкін:

8.6.1 Ағызу құбыршегін шұңғылшаға орнату

- ▶ Ағызу құбыршегін U тәрізді тіреу көмегімен өлшемі сәйкес келетін шұңғылша шетіне іліңіз (8-7-сур.).
- ▶ U-тәрізді шланг ұстағышын сырғып кетпес үшін жақсылап бекітіңіз.




8.6.2 Ағызу құбыршегін кәріз жүйесіне қосу

- ▶ Желдеткіш тесігі бар баған құбырының ішкі диаметрі кемінде 40 мм болуы керек.
- ▶ Су ағызатын құбыршекті 80-100 мм кәріз құбырына салыңыз.
- ▶ U тәрізді тіреуді қосып, мықтап бекітіңіз (8-8-сур.).


8.6.3 Ағызу құбыршегін шұңғылшадағы ағызғышқа қосу

- ▶ Құбыршекті жалғау сифоннан жоғары орналасуы тиіс.
- ▶ Жалғағыш келтеқұбыр, әдетте, төсеммен жабылады (А). Дұрыс жұмыс істеуін қаматамасыз ету үшін ол төсемді алу қажет (8-9-сур.).
- ▶ Ағызу құбыршегін қамытпен бекітіңіз.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

- ▶ Ағызу құбыршегін суға батырмаған жөн. Ол сенімді түрде бекітілген және герметикаланған болуы тиіс. Егер ағызу құбыршегі жерге төселсе немесе құбырдың биіктігі 80 см-ден аз болса, кір жуатын машина толтыру кезінде суды үздіксіз төгіп тұрады (автоматты түрде төгу).
- ▶ Ағызу құбыршегін ұзартуға болмайды. Қажет болса сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға хабарласыңыз.



8.7 Құбыр суын беру үшін қосу


Тығыздауыштар орнатылғанына көз жеткізіңіз.

1. Кіріс құбыршекті иілген ұшымен машинаға қосыңыз (8-10-сур). Бұрандалы қосылысты қолмен созыңыз.
2. Кіріс құбыршектің екінші ұшын су беретін кранға 3/4 дюйм бұрандамен қосыңыз (8-11-сур.).

8.8 Электрлік қосу

Әр қосу алдында мыналарды тексеріңіз:

- Қуат беру көзі, розетка және сақтандырғыш паспорттық тақтайшаға сәйкес келеді.
- розетка жерге тұйықталған, бірнеше орынды тармақтағыштар немесе ұзартқыштар пайдаланылмайды.
- аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді. Электр сымының ашасын розеткаға қосыңыз (8-12-сур.).




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Барлық қосылыстар (қуат көзінің ашасы, ағызу және су беру құбыршегі) қатты тартылғанын, құрғақ болғанын және еш жерінен су тамып тұрмағанын әрқашан қадағалаңыз!
- Бұл бөліктер жаншылмауын, майыспауын және бұралмауын қадағалаңыз.
- Егер электр қуаты баусымы зақымдалса, қауіптің алдын алу үшін оны ауыстыру керек. Бұл жұмысты сервистік агент орындауы тиіс.


9.1 Қосымша техникалық сипаттамалар

Моделі	HCW10C
Электр қуат желісіне қосу:	
Номиналды кернеу, В	220-240
Номиналды жиілік, Гц	50
Номинал тоқ күші, А	10
Максималды қуаты, Вт	1950
Қорғау класы	IPX4
Су қысымы, МПа	0,03<P<1
Максимал жүктеме, кг	10
Барабан көлемі, л	65
Сығу жылдамдығы айн./мин.	1000
Нетто/брутто салмағы, кг	71/76

9.2 Бұйымның габариттік өлшемдері



АЛДЫНҒЫ ЖАҒЫНАН КӨРІНІСІ



ҚАБЫРҒА

ҮСТІҢГІ ЖАҒЫНАН КӨРІНІСІ

A Бұйымның жалпы биіктігі, мм	850
B Бұйымның жалпы ені, мм	595
C Бұйымның жалпы тереңдігі (негізгі басқару панеліне дейін), мм	628
D Бұйымның жалпы тереңдігі, мм	678
E Есікті ашу тереңдігі, мм	1134
F Есік пен іргелес қабырға арасындағы минималды саңылау, мм	330

Ескертпе: машинаңыздың нақты биіктігі аяқшалары машина түбінен қаншалықты көтеріліп тұрғанына байланысты. Машинаны орнататын кеңістік оның өлшемінен кем дегенде 40 мм кеңірек және 20 мм тереңірек болуға тиіс.

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуге, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызға қатысты мәселе туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» тарауын оқып шығыңыз.

Егер мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

— ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа: 8 (800) 070-01-29 (ҚР);

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда қызмет алуға өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығымызға хабарласа отырып, паспорттық маңдайшасынан табылатын келесі ақпаратты дайындаңыз

Моделі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Сондай-ақ кепілдік және сату туралы құжаттары бар екенін тексеруді сұраймыз.



Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Құрылғыдан зауыттық сәйкестендіру тақталарын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Дайындалған күні және кепілді мерзімі құрылғының заттаңбасында көрсетілген.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықтамасына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

03.04.2025 жылғы № EAЭС N RU Д-CN.PA03.B.35088/25 сәйкестік туралы декларациясы 02.04.2030 дейін жарамды.

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»

Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District Qingdao, China

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Қытайда жасалған

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Коммерциялық кір жуғыш машинаның ресми қызмет ету мерзімі-өнімді соңғы тұтынушыға берген күннен бастап 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын есепке алғанда, нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір жоғары болуы мүмкін. Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз. Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз. Haier корпорациясы өнімнің кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамада, өзге де нормативтік актілерде белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Алайда, Haier корпорациясы төменде көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8-800-070-01-29 — Қазақстан тұтынушылары үшін (Қазақстан өңірлерінен қоңырау шалу тегін)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz> немесе электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы: help@haieronline.kz.

Авторландырылған сервистік орталықтардың деректері өзгертілуі мүмкін, анықтамалар алу үшін Haier Ақпараттық орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету кемшіліктері мыналардың салдарынан туындаған бұйымдарға таралмайды:

- тұтынушының тауарларды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе қосу;
- құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды бұйымды монтаждауға тарту сияқты тоңазытқыш контурымен және электр қосылымдарымен жұмыс істеу технологиясының бұзылуы;
- пайдалану құжаттамасы талап еткен жағдайда бұйымға мерзімді техникалық қызмет көрсетудің болмауы;
- су құбыры желісінде артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш заттарды қолдану, сондай-ақ жуғыш заттардың ұсынылған мөлшерінен асып кету;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкілетті емес тұлғалардың жөндеуі немесе рұқсат етілмеген құрылымдық немесе сұлбалық-техникалық өзгерістерді енгізуі;
- қуат беру желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқулар;
- еңсерілмейтін күш әсерлері (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік әрекет өнімдерінің түсуінен болған зақымданулар анықталса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған/толық толтырылмаған бағын қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы

Кепілдік қызметін көрсету келесі жұмыс түрлерін қамтымайды:

- бұйымды пайдалану орнында орнату және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану бойынша нұсқау беру және кеңес беру;
- бұйымды сыртынан не болмаса ішінен тазалау.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде келтірілген шығын материалдары мен аксессуарлары жатпайды:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізуге/төгуге арналған құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- тәрелкелер, істіктер, торлар, табақшалар және қысқа толқынды пештерге арналған тұғырықтар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, жәшіктер, тұғырықтар және өнімдерді тоңазытқыштарда сақтауға арналған басқа да ыдыстар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуат көзі элементтері, сыртқы қуат блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жасалады.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың бүлінуі немесе болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Haier



0020509869W